

БҰЙРЫҚ №46

Бура ауылы

31 тамыз 2023 жыл

Мектепте 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы.....№.....-н бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2023-2024 оқу жылының басталу мерзімі 2023 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін. (1-қосымша)
 - 1) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда -33 оқу аптасын, 2-11 (12) – сыныптарда – 34 оқу аптасы;
 - 2) Оқу жылы ішіндегі демалыс кездері:
 - 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі демалыс – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қараша аралығында), қысқы демалыс – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі демалыс – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);
 - 1-сыныптарда қосымша демалыс күндері – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпанаралығында).
2. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрілігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
Мейрам күндерінде түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Мектеп директоры



Н.А. Бирликбаева